

Облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің 2017 жылға арналған республикалық бюджеттен «Өрлеу» жобасы бойынша шартты ақшалай көмекті ендіруге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану қағидаларына қосымша

**Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты бойынша міндеттерді орындаумен байланысты, оның ішінде жеке қосалқы шаруашылықты дамытуға (үй малын, құсын және т.б. сатып алу), жеке кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыруға арналған (бұрынғы қарыздарды өтеу, жылжымайтын тұрғын үй сатып алу шығындарынан басқа) іс-шаралар тізбесі**

1. Жеке қосалқы шаруашылықты дамытуға және дара кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға пайдаланылатын тұрғын емес үй-жайларды, жер учаскелерін жалдау.

2. Жеке қосалқы шаруашылықты дамытуға және дара кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға пайдаланылатын және адамның (отбасының) меншігіндегі немесе оған жалға берілген ғимаратты (ғимарат бөлігін), құрылысты ағымдағы жөндеу.

3. Негізгі құралдарды (ғимараттарды, ғимарат бөлігін), құрылыстарды, көлік құралдарын, жабдықтарды, жиһаздарды (оның ішінде кеңсеге арналған), құрал-саймандарды сатып алу (салу және реконструкциялау).

4. Сатып алынатын негізгі құралдарды міндетті сақтандыру кезінде сақтандыру жарналарын төлеу.

5. Сатып алынған негізгі құралдарды, шикізаттарды, материалдарды, отынды, қосалқы бөлшектерді, тауарларды, жануарлар мен өсімдік шаруашылығы өнімдерін жеткізу, жинау, орнату, жөндеу және т.б.

6. Шикізатты, шығыс материалдарын, отын, қосалқы бөлшектерді, ыдыстар, тауардың ыдысы мен буып-түю материалдарын сатып алу.

7. Минералды тыңайтқыштарды, өсімдіктерді қорғау құралдарын, жер учаскелеріне төгуге топырақ, құм, қара топырақ, тұқымдар, көшет материалдарын (балық көшеттерімен қоса), жем, ветеринариялық препараттарды сатып алу.

8. Кәсіпкерлік қызметті лицензиялау және өнімдер мен көрсетілетін қызметтерді сертификаттау.

9. Телефон байланысына (телефон орнату) және интернет желісіне қолжетімділікті ұйымдастыру.

10. Жабдықтар сатып алу және электр, газ, су құбырына және өзге де инженерлік-коммуникациялық желілерге қосу.

11. Бағдарламалық жасақтамаларды сатып алу.

12. Ауыл шаруашылығы жануарларын, оның ішінде үй құстарын, аралар, үй қояндарын, мамық жүнді аңдарды, балықтарды және өсімдік шаруашылығы өнімдерін, оның ішінде бадана, түйнектер және гүл көшеттерін, саңырауқұлақтар мен қозықұйрықтар (мицелия) сатып алу.

13. Мелиорация жұмыстарын жүргізу.

14. Біржолғы ШАК төлеудің нысаналы мақсатына сәйкес келетін халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі аудандық (қалалық) немесе өңірлік комиссия ұсынған және мақұлдаған өзге де шаралар.

15. Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау жөнінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің құнын төлеу.

---